**Сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін төлемақылардың ставкаларын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Жамбыл облыстық мәслихатының 2002 жылғы 8 ақпандағы N 12-14 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2002 жылғы 25 ақпанда N 522 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2009 жылғы 29 қазандағы № 16-20 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2009.10.29 № 16-20 Шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 489, 490, 491, 492 баптарына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысының инфрақұрылымында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін төлемақылардың ай сайынғы ставкалары бекітілсін (қосымша № 1).

2. Жамбыл облыстық салық комитеті сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін бекітілген төлемақылар ставкаларына сәйкес қаржы жинауды қамтамасыз етсін.

| | |
|---|---|
| *Облыстық мәслихат сессиясының төрайымы* | *Облыстық мәслихат сессиясының хатшысы* |
| | Облыстық мәслихаттың 8 ақпан 2002 жылғы N 12-14 шешіміне қосымша |

Сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін төлемақылардың ай сайынғы ставкалары ------------------------------------------------------------------------- N | | Төлем ақы ставкаларының айлық п/п| Алаң көлемі (шаршы метр) | есептік көрсеткіштері | |---------------------------------- | |1 категория|2 категория|3 категория ------------------------------------------------------------------------- | |Заңды тұлғалар | 1,0 | 0,5 | 0,3 1 |2-ге дейін |------------------------------------------------ | |Жеке тұлғалар | 0,5 | 0,3 | 0,2 ------------------------------------------------------------------------- | |Заңды тұлғалар | 2,0 | 1,0 | 0,7 2 |2-ден 10-ға дейін |------------------------------------------------ | |Жеке тұлғалар | 1,0 | 0,7 | 0,5 ------------------------------------------------------------------------- | |Заңды тұлғалар | 3,0 | 1,5 | 1,0 3 |10-нан 20-ға дейін |------------------------

-------------------------- | |Жеке тұлғалар | 1,5 | 1,0 | 0,7 ------------------------------------ ----------------------------------- | |Заңды тұлғалар | 4,0 | 2,0 | 1,5 4 |20-дан 30-ға дейін |----------------------------------------------- | |Жеке тұлғалар | 2,0 | 1,5 | 1,0 ------------ ---------------------------------------------------------- | |Заңды тұлғалар | 6,0 | 4,0 | 2,0 5 |30-дан аса |----------------------------------------------- | |Жеке тұлғалар | 3,0 | 2,0 | 1,5 ---------------------------------------------------------------------- 6 |Дүңгіршектер мен уақытша типтегі | 0,4 | 0,3 | 0,2 |қойылған павильондардағы жарнамалар| | |

- Ескерту: 1. ҚР мемлекеттік органдары төлеушілер болып табылмайды. 2. Сыртқы жарнамаларды орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы ставкасы қолданылатын категорияларға мына төмендегі нысандар жатады: · 1 категорияға - Тараз қаласының орталық бөлігі, облыстық мәндегі автомобиль жолдары; · 2 категорияға - аудан орталықтарының аймағы, аудандық мәндегі автомобиль жолдары; · 3 категорияға - елді мекендер аймағы, (аудан орталықтарынан басқа).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК